

**Қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарына квота белгілеу туралы**

*Күшін жойған*

Қостанай облысы Жангелдин ауданы әкімдігінің 2012 жылғы 31 тамыздағы № 194 қаулысы. Қостанай облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 25 қыркүйекте № 3836 тіркелді. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы әкімдігінің 2016 жылғы 26 қаңтардағы № 14 қаулысымен

**Ескерту. Күші жойылды - Қостанай облысы Жангелдин ауданы әкімдігінің 26.01.2016 № 14 қаулысымен (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).**

Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Еңбек кодексінің 21-бабына, "Халықты жұмыспен қамту туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 7-бабына сәйкес Жангелдин ауданының әкімдігі

**Қ А У Л Ы**

**Е Т Е Д І :**

1. Жұмыс орындарының квотасы белгіленсін:

1) қылмыстық-атқару инспекциясы пробация қызметінің есебінде тұрған адамдар, сондай-ақ бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдар үшін жұмыс орындарының жалпы санының бір проценті мөлшерінде;

2) интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандар үшін жұмыс орындарының жалпы санының бір проценті мөлшерінде.

2. "Жангелдин ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі" мемлекеттік мекемесі өтініш жасаған қылмыстық-атқару инспекция пробация қызметінің есебінде тұрған адамдарды, бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған адамдарды және интернаттық ұйымдарды бітіруші кәмелетке толмағандарды жұмысқа жібергенде осы қаулыны басшылыққа алсын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Ш.С. **О с п а н о в қ а** **ж ү к т е л с і н .**

4. Осы қаулы алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Аудан әкімі*

*Н. Төлепов*

*КЕЛІСІЛДІ:*

*"Жангелдин ауданының жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар*

бөлімі" мемлекеттік мекемесінің  
б а с т ы ғ ы

\_\_\_\_\_ Л. Зейнекина

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК